

## Қоғамдық құру жер участекеріндегі сервитут туралы

Костанай облысы Қамысты ауданы Қамысты ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 7 қарашадағы № 82 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабына, 69-бабының 4-тармағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес Қамысты ауданы әкімдігінің Қамысты ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Қамысты ауданы Қамысты ауылдық округі Ливановка ауылына газ құбыры трассасын тарту және пайдалану үшін" "Костанай облысы әкімдігінің энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жалпы ауданы 37,55 га (26 817 метр x 14 метр / 10 000) жер участекесіне қоғамдық сервитут белгіленсін.

2. "Қамысты ауданы әкімдігінің Қамысты ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қамтамасыз етілсін:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Костанай облысы бойынша Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерін ресми жариялау және Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне осы шешімге қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның көшірмелерін электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде "Республиканың Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалына жіберуді қамтамасыз етілсін;

2) Осы шешімді ресми жарияланғаннан кейін Қамысты ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етілсіні.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Тлеубергенов А.Т.